



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-154-1-237-248>

ХҒТАР 16.01.21
Ғылыми мақала

А.Б. Шалғынбекова¹, С.Б. Жұмағұл^{2*}, А.Д. Амренов³

^{1,3}Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹ayauuzhan@mail.ru, ²sagymbai.zhumagul@mail.ru*, ³adilbek.61@mail.ru)

ХАМЗА АБДУЛЛИННИҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетінің айтулы өкілі ақын, аудармашы Хамза Абдуллиннің шығармашылық тұлғасы қарастырылады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы тұтқынға түскен ақынның аса ауыр тағдыры, кеңес билігі тарапынан саяси сенімсіздікпен қуғын-сүргінге түскен шырғалаңы мол шығармашылығы талданады. Соғыс тұтқынында және кеңес лагерінің ауыр қыспағында жүріп жазылған саяси-әлеуметтік, көңіл-күй, табиғат лирикасының тақырыптық-идеялық арқауы айқындалады. «Достарым», «Тұтқын жыры», «Зарлы ана туралы жыр», «Бостандық», «Жалғыздық», «Мен жылаймын», «Алтай», «Есіл», «Мағжанның жиені Бибізайыпқа» тағы басқа өлеңдері, «Жауырын» балладасы талданады. Поэзиясының ұлт азаттығы мен тұлға еркіндігін, ұлттық құндылықтар мен адам теңдігін, жалпыадамзаттық гуманизмді аяусыз жаншып отырған сталиндік жүйе озбырлығын суреттеуден туындайтын реалистік сипаты, көркемдік қуаты сараланады. Өлеңдерінің тақырыптық-идеялық өзегі мен өзектілігі кеңес билігіне және адамзат баласына қайғы-қасірет әкелген фашизмге тән озбырлықты әшкерлеуі тұрғысынан зерделенеді. Ол соғыс тұтқынынан соң кеңес билігі тарапына қудаланып, ұзақ жылдарға бас бостандығынан айрылуының ақын тағдырына қаншалықты ауыр соққы болғанын байыптауға мүмкіндік береді. Рухы биік ақынның барлық тоталитаризм қиянатына төтеп беріп, шығармашылық ізденістері, көркем аудармаларымен қазақ әдебиетіне зор үлес қоса білгені тұжырымдалады.

Түйін сөздер: ақын, Хамза Абдуллин, екінші дүниежүзілік соғыс, соғыс тұтқыны, кеңес лагері, поэзия, лирика.

Түсті: 28.03.2025; Жөнделді: 19.01.2026; Мақұлданды: 13.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің айтулы өкілі ақын, аудармашы Хамза Абдуллин шығармашылық тағдыры аса күрделі тұлға. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жау тұтқынында болған ақынның кеңес билігінің саяси сенімсіздігімен қуғын-сүргінге түскен шырғалаңы мол шығармашылық жолы жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Соғыс тұтқындарына деген бір жақты қасаң танымдағы кеңес идеологиясының саяси қысымының зардаптары аз емес. Ақынның соғыс тұтқынында және кеңес лагерінің ауыр қыспағында жүріп жазылған поэзиясы тоталитарлық жүйеге тән озбырлықты ешбір боямасыз тануға мүмкіндік береді. Ұлт азаттығы мен тұлға еркіндігін, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық гуманизм мұраттарын аяусыз жаншып отырған сталиндік жүйе озбырлығы әшкерленген «Достарым», «Тұтқын жыры», «Зарлы ана туралы жыр», «Бостандық», «Жалғыздық», «Мен жылаймын», «Алтай», «Есіл», «Мағжанның жиені Бибізайыпқа» сынды саяси-әлеуметтік, көңіл-күй, табиғат тақырыбындағы лирикасы, «Жауырын», «Түн перісі» (Коммунизм туралы тарихи баллада) балладалары реалистік қуатты мол шығармалар болуымен ерекшеленеді. Поэзиясының тақырыптық-идеялық өзегі адамзат баласына қайғы мен қасірет, зұлмат пен нәубет әкелген кеңес билігі мен фашизмге тән озбырлықты әшкерлеуімен өзекті.

Соғыс тұтқынында болған Х. Абдуллин фашистер және кеңес билігінің қиянатын қатар шеккен жан. Ол 1945 жылы гестапо тарапынан тұтқындалып, Берлин түрмесіне қамалады. Өлім жазасына кесіледі. Елге оралған соң кеңес билігі тарапынан қудаланып, ГУЛАГ-қа қамалды. 1947 жылғы 18 сәуірдегі Түркістан әскери округі әскери трибуналының РСФСР қылмыстық кодексі 58-І «б», 58-10, 2. бөлім баптарының негізінде он жыл бас бостандығынан айырылды. Бастапқы бес жылын РФ Иркутск облысындағы Тайшет лагерінде, қалған мерзімін атақты Колымада өткізді. Рухы биік ақын тоталитаризм қиянатына төтеп беріп, шығармашылық ізденістері, әдеби аудармаларымен қазақ әдебиетінің көркемдік дамуына зор үлес қоса білді.

Зерттеу әдістері

Ақын Хамза Абдуллин шығармашылығын қарастыруда әдеби-тарихи талдау, поэзиясын саралауда мәтіндік саралау, салыстыру, жинақтау, қорыту әдістері, герменевтика, рецептивті эстетика қағидаттары басшылыққа алынды.

Әдебиетке шолу

Хамза Абдуллиннің өмірі мен шығармашылығы қазақ әдебиеттану ғылымында ұзақ уақыт бойы арнайы жүйелі зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Оның басты себебі – ақынның Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жау тұтқынында болуы және соғыстан кейін кеңес билігі тарапынан саяси сенімсіз ретінде қудаланып, ГУЛАГ жүйесінде жазасын өтеуі. Кеңестік идеология жағдайында соғыс тұтқындарының тағдыры жабық тақырып саналып, мұндай қаламгерлердің мұрасын зерттеу мүмкін болмады. Тек тәуелсіздік жылдарынан кейін ғана Хамза Абдуллин тұлғасы мен шығармашылығына жаңаша көзқарас қалыптаса бастады. Осы бағытта алғашқылардың бірі болып С.Ақтаев «Қызыл саясаттың құрбаны. Ақын Хамза Абдуллиннің тағдыры туралы» атты мақаласында ақынның өмір жолындағы трагедиялық кезеңдерді кеңестік қуғын-сүргін саясаты контекстінде қарастырады. Автор Х. Абдулинді тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбандары қатарында атап, оның шығармашылық тағдырына саяси жүйенің тікелей ықпал еткенін дәлелдейді.

Ғ.Қадірәліұлының (2007) «Азапта болған ақын (Хамза Абдуллин)» атты зерттеу еңбегінде ақынның соғыс тұтқыны ретіндегі тағдыры, лагерьлік өмірі және осы кезеңде жазылған шығармалары деректік материалдар негізінде баяндалады. Зерттеуші ақынның поэзиясының шынайылығы мен өмірлік негізін алға тартып, оның өлеңдеріндегі трагедиялық пафостың жеке тағдырмен сабақтастығын көрсетеді.

А.Кәкеннің (2024) «Жазықсыз жазаланғандар», «Ақын Хамза Абдуллин» атты зерттеулерінде ақынның кеңестік жазалау жүйесімен бетпе-бет келген өмір жолы архивтік және публицистикалық деректер негізінде сипатталады. Автор Х. Абдуллин шығармашылығын саяси қуғын-сүргін тақырыбын ашудағы маңызды әдеби дереккөз ретінде бағалайды.

Б.Сәрсенбаевтың «Мағжантанушы қайсар қаламгер» атты мақаласында Х. Абдуллиннің Мағжан Жұмабайұлымен рухани сабақтастығы, оның әдеби-эстетикалық ұстанымдарының Мағжан поэзиясымен үндестігі сөз болады. Бұл зерттеу ақынның дүниетанымдық және көркемдік бағдарын түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Х. Абдуллиннің өзі жазған «Түнекті түндер», «Қыршыннан қиылған қырық тоғыз», «XX ғасырдың Қорқыты мен Асан Қайғысы» атты мақалалары мен естеліктері ақын шығармашылығын зерттеуде маңызды деректік негіз болып табылады. Бұл еңбектерде автор соғыс, тұтқын, лагерь шындығын тікелей куәгер ретінде баяндайды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Ақын өмірі мен шығармашылығының аса күрделі кезеңі саналатын Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әдеби мұрасы, тар қапаста отырған қилы кезеңі тоталитарлық жүйе жылдарында зерттеушілер назардан тыс қалып келді. Ол кеңес идеологиясының жіті цензуралық қадағалауындағы жабық тақырыптардың бірі болатын. Тәуелсіздіктен соң ғана ақынның соғыс тұтқыны, кеңес азаптау лагерлеріндегі аса қилы тағдыры жаңаша танымда жазылған проблемалық мақалалардың өзегіне алына бастады. С.Ақтаевтың «Қызыл саясаттың құрбаны. Ақын Хамза Абдуллиннің тағдыры туралы», «Мағжан мен Хамза», Ғ.Қадірәліұлының «Азапта болған ақын» (Хамза Абдуллин), З.Тілеужанұлының «Хамзаның азапты жолы», «Хамзаның қатал тағдыры», Б.Қойшыбаевтың «Ұлы соғыс және басты құндылық», А.Кәкеннің «Жазықсыз жазаланғандар», «Ақын Хамза Абдуллин», Б.Сәрсенбаевтың «Мағжантанушы қайсар қаламгер», Б.Қанарбаеваның «Ол Хамза Абдуллин еді» мақалаларының ақын шығармашылығының беймәлім кезеңдерін танудағы маңызы зор.

Неміс басқыншылары, кеңес билігінің қыспағын қатар көрген соғыс тұтқындарына деген қытымыр қоғамның саяси сенімсіздігі, әлеуметтің секемдігі сейілген жылдары Х. Абдуллин тар жол, тайғақ кешулі ғұмырының қилы кезеңдерінен «Қыршыннан қиылған қырық тоғыз», «Түнекті түндер», «XX ғасырдың Қорқыты мен Асан Қайғысы» мақалалар, естеліктерін жазды. Қ.Қасеновпен бірге дайындалған «Мұстафа мен Мағжан Тұран елінің даналары» кітабындағы «Жау қолында қалған жазушылар» мақаласының да сұрапыл соғыс жылдарының шындығын айқындаудағы маңызы ерекше мәнге ие. (Абдуллин, Қасенов, 1998)

Хамза Абдуллиннің шығармашылық ізденісі өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан басталады. Ауылдағы бастауыш мектепті бітіріп, Қызылжардағы ауыл шаруашылығы техникумының дайындық курсына түседі. Одан Ресейдің Омбы қаласындағы ауыл

шаруашылығы институтының жұмысшылар факультетіне қабылданады. Оны ойдағыдай бітіріп, Қызылжар қаласында облыстық халық ағарту бөлімінде бірер жыл қызмет істейді (Ақтаев, 2009). 1937-1940 жылдары аралығында білімін ұштап, Алматы қаласындағы Коммунистік Журналистер институтында оқиды. Институтты аяқтаған соң журналистикаға бет бұрып, «Социалистік Қазақстан» газетінде еңбек етеді.

Ақынның тырнақалды өлеңдері облыстық, республикалық газет-журналдарда басылды. «Айша», «Пушкин дана» атты алғашқы өлеңдері 1937 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде жарияланды. М.Жұмабайұлының көзін көріп, ағалық қамқорлығына бөленген Х. Абдуллин 1940 жылдардың басында республикалық әдеби байқауларға қатысады. Ақындық ізденіс қуатынан туған «Шойын жол» поэмасы бас жүлдеге ие болады. «1937 жылы Қызылжардағы облыстық «Ленин туы» газетінде жарияланған «Айша», «Пушкин – дана» атты алғашқы өлеңдері ұлы Мағжанға ұнайды, ол балауса жырларға үлкен үміт артып, өзінің ағалық ақыл-кеңесін берген. Бұдан қуат, нәр алған жас ақын сонау 40-жылдардың өзінде «Шойын жолда» дастанымен республикалық байқауда бірінші орын алады» (Кәкен, 2024).

«Алғашқы туындыларының бірі 1940 жылы «Әдебиет майданы» журналының 12 санында шыққан «Шойын жолда» атты дастаны. Көлемді дастан, 130 шумақ және ол латын әріптерімен жазылған. Бұл дастан, жас ақын журналистердің Республикалық жарысында бас жүлдеге ие болған еңбек. Осыдан іле аталмыш журналда «Қорқақ» атты екінші дастаны басылады (Қадірәліұлы, 2007).

Алайда ақындық дарынымен танылып, қазақ поэзиясына ойлы өлеңдерімен олжа сала бастаған Х. Абдуллин Екінші дүниежүзілік соғыстың қан майданына аттанады. Сан миллион адамды ажал құштырған сұрапыл соғыс ақын тағдыр-талайына күрделі өзгеріс әкеліп, кейінгі шырғалаңы мол шығармашылығына өшпес із қалдырды (Қадірәліұлы, 2007). Соғыс тақырыбы әлем халықтары поэзиясында көрініс тапқан бірден бір тақырып екенін осы тұста айта кету керек. XX ғасырдағы поэтикалық колоризм туралы бір мақалада авторлар соғыстың адамзатқа әкелген қасіреті жан-жақты көрсетіледі (Moldagali, Abisheva, Sabirova, & Moldagaliyeva, 2025).

«Сұрапыл соғыстың сол бір қиын қыстау кезеңінде де жыр жазудан бір сәт қол үзбеді. Сол жылдары Берлинде қазақ тілінде «Тасқан жыры» атты үлкен жинақ шығарды. Колымадан оралған соң «Теңізден теңізге» деген кітабы жарық көрді. «Ел суреті» жыр жинағы өмірге келді. Кейін «Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары» естелік кітабы оқырмандар қолына тиді» (Қадірәліұлы, 2007).

Ақын өмір белесіндегі алмағайып кезең туралы кейіннен: «...Мен «Толқын жыры» атты өлеңдер жинағымды Германияда тар қапаста жүргенде жаздым... Онда үкіметімізге қарсы жазылған бір ауыз сөз жоқ. Редакцияда, Германияда жүргенде, мұсылмандар дивизиясында болғанда фашизмге қарсы астыртын әрекеттерге қатыстым. Ұлттық комитеттің осыларды ескермегеніне таңданамын. Мың өліп, мың тірілдім. Бірнеше рет ату жазасын да алдым. Әйтеуір, әлі тірімін. Он бес жыл көрген бейнетім, қайпастағы қайғым, айдаудағы азабым барлық өмірімнің таразысын басып кетері сөзсіз. Тек ондай азапты ешкімнің басына бермесін!...», «...1943 жылдың көктемінде Берлиндегі «Түркістан комитетінде» «Милли әдебиет» журналының бас редакторы, татар ақыны Мұса Жәлелдің досы Мәжит Айтбаевтың демеуімен Берлинге алдырылып, «Янги Түркістан» газетінде істедім. 1945 жылдың бастапқы айларында фашизмге қарсы жұмыс істегенім үшін түрмеге қамалып, ату жазасына бұйрылдым, соғыс біткеннен кейін Берлин түрмесінен азаттыққа шықтым. Совет армиясының қоршауында қалған неміс гестапосы өз

бастарымен қайғы болып, мені атуға үлгере алмай қалды. Оның есесіне соғыстан соңғы біраз жылды Совет концлагерінде өткізуге тура келді» деп жазды (Абдуллин, 1996).

Х. Абдуллиннің алғашқы өлеңдер жинағы «Теңізден теңізге» деп аталды. Кейінгі жыр кітабы «Ел суреті» деген атпен жарық көрді. Қыр перзентінің сұлу табиғатқа, еркін далаға, шексіз кеңістікке деген сүйіспеншілігі алабөтен. Кең байтақ қазақ даласын жырлаған ақын «Тарбағатай өңірінде», «Отырар», «Көкшетау», «Есіл», «Ертіс», «Туған жер», «Жолды өзегім» аталатын табиғат лирикасында Тарбағатай сұлулығын, Отырар асқақтығын, Көкшетау кербездігін, Есіл мен Ертіс ағысын тамсана суреттейді. Табиғат тылсымы ақындық шеберлікпен бейнеленген «Есіл» өлеңі пейзаждық лириканың тамаша үлгісі болуымен назар аудартады.

«Есілім, менің Есілім, // Сылаңдайсың сылдырап, // Арқаның ашып есігін, // Ағасың төмен құлдырап. // Думан-той, у-шу, мереке // Терістікке баруың // Жерінде жүрген береке, Өлкемді кезген, аруым» деген шымыр өрілген өлең өрімі ерке Есілдің асау толқынының өмір мен өңірге нәр берудегі шексіз құдыретімен астастырыла суреттеледі.

«Әкетіп алға ағының, // Тасқының мені тербеткен, // Қуғандай белес сағымын, // Жүзуде жұлде ап ер жеткем. // Жарыссам асау толқынмен, // Ойнаса шоршып шабағың, // Күлкілі күміс шолпыңмен // Ұрушы ең жардың қабағын. // Өзімнен жастай сыр ұққан // Жатырсың жайнап, Есілім! // Кездерім болса ұмытқан, // Ете гөр сен де кешірім (Есіл) (Абдуллин, 1996). деген көркемдік арна психологиялық тереңдік, лирикалық сезіммен әдемі үйлесім тауып жатады.

Х. Абдуллиннің соғыс тұтқынында, соғыстан кейін ГУЛАГ қапасында еркіндікті аңсау сарынында жазылған өлеңдерінде адамзат баласына қайғы мен қасірет, қиянат пен қиястық әкелген қанды қол жүйе өктемдігінің ауыр зардаптары әшкерленді. Қуғын-сүргін, атып-асуды мемлекеттік басқару тетігіне айналдырған озбыр жүйелердің қоғам мен әлеумет тарапынан тұмшаланып отырған ащы сабақтары жырланады. Ол сағы сынбаған өршіл ақынның кеңес билігінің еркін ой мен азат рухты, яғни демократиялық құндылықтарды аяусыз жаншудағы озбырлығын реализм биігінде жеткізудегі жанайқайы болатын.

«Достарым» (1941), «Тұтқын жыры» (1942), «Зарлы ана туралы жыр» (1942), «Бостандық» (1943), «Жалғыздық» (1945), «Мен жылаймын» (1949) өлеңдеріндегі жеке басының шер мен мұңы, зары мен қайғысына бойлататын психологиялық иірім заман, қоғам, уақыт тынысымен тығыз байланыста өріліп отырады (Қадірәліұлы, 2007).

1942 жылы Польшаның Демблинінде жазылған «Зарлы ана туралы жыр» өлеңіне коммунистік жүйе қиянатына ұшыраған отбасы, әулет тағдырын арқау етіп, ойлы оқырманын кеңес тарихы бүркемелеп келген саяси әлеуметтік қиянатына қанықтырады. Зұлымдыққа негізделген биліктің ақ пен қараны, ерлік пен ездікті ажыратпастан, отбасын ойрандаудағы шектен шыққан заңсыздық пен тың трагедияға ұласуын шынайы бейнелейді. Әлеуметтік қиянаттың көлеңкелі тұстарына шындық шырағын жағады.

«Ел қайғысы түскен анам басына,
Қартайғанда пенде келмей қасына.
Малын, жанын тартып апты дым қоймай,
Қараңызшы көзден аққан жасына.
Ұлы кеткен өлім іздеп майданнан,
Серік шалы шетке он жылға айдалған.
Жалғыз қызы келінімен нан іздеп,
Дорба салып, қайыршыға айналған....» (Қадірәліұлы, 2007).

Оңдалмай ма мұңымыз,
Болды ма әлде көңіл тоқ,
Білемісің мұнайдың,

Әр тамшысы жауға оқ!» Қазақстанның батыс өңірі ғана емес, майданға өз үнімен үлес қосқан ақындардың шумақтары сол сәттерде елге рух бергені мәлім. Құмар ақынның бұл шумақтары 1943 жылғы айтыстардың ішінде Алматы облысында өкен Иманжан мен Қалқаның айтысындағы Қалқа айтқан мына шумақтармен үндес еді:

Отанға берген ақ пимаң,
Ақ қойымның терісі. (Кожобекова, 2025)

Ой еркіндігі, сөз бостандығын аяусыз жаншып отырған идеология құрсауындағы кеңес әдебиетіндегі жабық тақырыпқа батыл қалам тербеген ақын заман шындығын еш боямасыз жырлаудағы азаматтық ұстанымын айқын жеткізеді.

«Ел тұрмысы – тым масқара, бізге жат,
Жігіттер жоқ әсем жүйрік мінген ат.
Бозбала мен бойжеткен жоқ шалқыған,
Әлем – адыра! Жатыр өліп махаббат!
Кәрі, жасын басып төмен құлақтан,
Қарт атамды елден қуып, жылатқан.
Ғалымдарды айдап Қиыр Шығысқа,
Еркіндіктің ізгі туын құлатқан» (Қадірәліұлы, 2007).

Реалистік сипаттағы өлеңде деп кеңес билігінің қиянаты мен қиястығы барша табиғи қалпымен шынайы суреттелген. Ол тоталитарлық жүйенің қанды қол қылмысына үңілдіріп, тарихтың ащы сабағынан тағылым салуға ой салады.

Социалистік реализм қасаңдығы мүмкіндік бермеген сталинизм қасіретін батыл өзек еткен тақырыпты жырлаған ақынның реалистік сипаттағы поэзиясын кеңес қоғамы қабылдамағаны анық.

«Мұның бәрін Ұлы Сталин басқарған
Жауыздықпен асқан талай асқардан.
Колыманың сары алтынын қазады,
Құлдар жасап кәрі менен жастардан.
Жоқ, жоқ, достар! Мен шындықты іздеймін
Бұл қорлыққа бұдан былай төзбеймін.
Құтқарамын туыстарды жылаған,
Тартам садақ, қас жауымды көздеймін» (Қадірәліұлы, 2007).

Ақын сталинизм жауыздығын әшкерлеп, ГУЛАГ трагедиясының қоғам тарапынан айтылмай отырған ақиқатына үңілдіреді. Қаскөйлікке жаны қас гуманист ақын қорлыққа төзбей, қызыл террор қыспағындағы қандастарын құтқаруға бел буады. Жауыздық пен зұлымдықты ұстанған қас жауына бітімсіз майдан ашады.

Ақын көркемдік-эстетикалық танымда елдік қасиеттен суарылған тарихи сана мен тарихи жадымызды жаңғыртып, түркілік тамырымызға қан жүгіртеді. «Түркістанның қолымда ала туы бар, // Ер Түріктің бойымда ерлік буы бар. // Істей алмас дұшпан енді қарсылық, // Қызыл қанға құнсыз басы жуылар» деп көркемдік ойлау жүйемізді тарихи ойлау жүйесімен сабақтастырады. (Қадірәліұлы, 2007). Колымада жазылған «Алтай» (1953) өлеңінде туған жер, атамекен архетипін «Алтын Алтай, сен – Тұранның төрісің,

// Сенен шыққан төрт тарапқа өрісім. // Аспанға ұлып, шығып Алтай шыңына, // Көрем тұрған Түріктің Көк Бөрісін...» деп тебірене жырға қосады.

Өлең атауында да терең көркемдік мән бар. «Зарлы ана туралы жыр»

– түптеп келгенде кезінде Мағжан Жұмабайұлының «Оқжетпестің қиясында» поэмасы, Сәбит Дөнентайұлының «Сарыарқа анамызға» өлеңіндегі туған жер, Отан ана архетипін көркемдік танымда жаңғырту болатын. Ақын туған елі мен жерінің, халқы мен қоғамның кеңес билігі озбырлығынан тезірек арылуын аңсайды.

«Тосуда алда талай ірі майдандар,
Бізден аулақ ұлы жолдан тайғандар!

Туған елім, көп жылама, мен келем,

Мен келемін – Мағжан айтқан пайғамбар!» деп, азаттық таңының атарын асқақ қиял биігіндегі романтикалық пафоспен түйіндейді. Осы сипаттағы реалистік қуаты терең саяси-элеуметтік тақырыптағы поэзиясы ақынды саяси айыптап, қудалауға негіз болғаны анық (Қадірәліұлы, 2007).

Ақын «Достарым» атты өлеңінде соғыс шырғалаңына тап болған шерменде жандардың торығу мен жабырқауға, күйініш пен күйзеліске түскен психологиялық көңіл-күйін сыршыл сезіммен әсерлі жеткізеді. Соғыстың аса ауыр салдарынан адам бойында болашаққа деген үміттің өшуі, жарық сәуле бостандық таңының атарына күмәнмен қарау, құлазыған жан әлемі, қалам қайратының мұқалуы өмір шындығы. Сондықтан да ақынның «Достарым қайда? Достарым? // Ұлдары қайда халықтың? // Өмірімнің жоспарын // Жасаймын деп жалықтым! // Биледі қасірет бойымды, // Достарымнан айырылып, // Тауыстым түгел ойымды, // Қаламым қалды майрылып» деп егілуін заңдылық деп қабылдаймыз (Қадірәліұлы, 2007).

Соғыстың барша қайғы қасіретін, алай дүлей заман аласапыранындағы тұрлаусыз тағдыр ауыртпалығын сыршыл сезіммен жырлап: «У ұрттадым, қан іштім, // Ойлаймын деп салмақтай, // Қуғынын көрдім тұрмыстың, // Жел соғып кеткен қанбақтай» деп торыға егілуін өмір шындығы деп білеміз (Қадірәліұлы, 2007).

Әскердегі қазақстандық сарбаздар Кеңестік идеология мен ислам дәстүріне негізделген көптеген сәйкестіктерді басшылыққа алды. (Allen, 2022)

Хамза Абдуллиннің соғыс жылдарындағы поэзиясының ішінде соғыс тұтқынының қайғы-қасіретін елі мен жеріне, ағайын-туысқандарына деген шексіз сағынышынан өрістейтін құсадағы шерлі көңіл-күйімен көмкерілген шоқтығы биік өлеңі – «Соғыс тұтқыны».

Өмір шындығы трагедиялық сарында жырланған «Соғыс тұтқыны» өлеңінде ақын еркін өскен кең далаға деген перзенттік сүйіспеншілік, сүйген жарды сағыну, қыр қазағының қанындағы өшпес стихиясы ер пырағы тұлпарға құштарлық, құлын-тайдай тебісіп өскен құрбы-құрдастарына сағыныш сезімі сыршылдықпен толғанады. Сыршыл ақын «Уа, дариға, өткен күнім – алтын шақ! // Жас өмірім, қайта ту да, жай құшақ! // Серпіл үстен, қараңғылық тұманы, // Тарт баурыңа, аш қойныңды, болашақ!» деп шабыттана тебіренеді (Абдуллин, 1996).

Ақын арманы, ақын аңсары – еркіндік пен бостандық. «Бостандық» өлеңінің басты көркемдік лейвмотиві, желілі сарыны – тұтқындағы шерлі жанның тезірек бостандыққа жетсем, азаттыққа шықсам деген асқарлы арман аңсары, рухты үміті мен сенімі.

«Қайдасың, бостандығым, келші бермен,
Айрылды достың өскен туған жерден,

Айрылды өнер, білім, қиял, дастан,
Жөн сұрап басы қатты есерлерден» (Қадірәліұлы, 2007).

деп, заман шындығына тән қайшылықтарды реалистік сипатта өрнектейді. Сезімтал ақынның нәзік те сыршыл жүрек лүпілі бостандыққа теңесер құдірет жоғын, тақ пен бақтың, мансап пен байлықтың баға жетпес басты құндылық азаттықтың жанында еш мән -мағынасы жоқ екеніне күйінеді. Ақындық қиялы алыстағы туған елі мен жеріне тезірек жетуге шарық ұрады. Тағдырдың ауыр тезінен өткен азаттық пен бостандық таңының атарынан күдер үзбейді.

«Адамдай биік шыңнан құлап түскен, Дариға!
Артым – жарық, алдым – сағым,
Бір күңгірт түс сияқты болашағым.
Әкетші туған елдің бақшасына
Ардақты бостандығым – алтын таңым» (Қадірәліұлы, 2007).

Шерлі жанның соғыс тұтқынында көрген қасіреті, тартқан азабы аз болғаны жоқ. Саяси сенімсіздікпен ГУЛАГ-қа қамалған ақынның Тайшет лагерінде жазылған өлеңдерінің реалистік сипаты, психологиялық иірімі терең. Қапастағы сыршыл ақын жүрегі шер мен мұңға батады, жалғыздық тауқыметін шегеді. Жүрегі қан жылап, көзі жасқа толады.

«Мен жылаймын» (1949), «Жалғыздық» (1945) өлеңдерінің реалистік сипатын лиризм мен терең психологизм ұштай түседі (Қадірәліұлы, 2007).

Лирикалық кейіпкер: «Кек, ашу, ой, аққан көзден қанды жас, // Азапты өмірім, жас жүрегім болған тас. // Болды бәрі зұлымдықтың тұтқыны, // Сонша ауыр жүк көтеріп жүр сорлы бас» (Мен жылаймын), «Таудай болып екі иықтан // Қасіреттің бұлты басты, // Қайғы өзені тұңғиықтан // Тулап шығып, толқып тасты. // Қараймын мен төңірекке, // Әлем – адыра! Жатыр құрап, // Қараймын мен төніп көкке, // Жүрек етін шаншып турап» (Жалғыздық) деп сентименталдық тұрғыда нәзік сезімде егілгенімен, романтикалық сарында келер күннің жарық сәулесі, нұрлы күндері шуақты боларына нық сенімде болады.

«Мен шерлі жан, қайдасың таң, // Қайдасың таң, кел маған бір // Құшағыңа ал, туған Отан, // Бір балаңды зарлаған бұл. // Сенің ғана құлың болып, / Құлың болып өлсем деймін. // Қол байлаулы, көңіл қаяу // Тас қапаста кемсеңдеймін» деп, қасиетті Отанына жетуге асығады (Қадірәліұлы, 2007).

Ақын қазақ поэзиясының көркемдік өрістеуіне, жанрлық түрленуіне «Жауырын», «Түн перісі» (Коммунизм туралы тарихи баллада) балладаларымен үлес қосты. Баллада жанрының табиғатына орай ақын өзінің көңіл-күйін сол алаң көңіл сезімін тудырған оқиғаға айналдыра отырып толғайды.

«Жауырын» балладасының сюжеттік желісіне халық фольклорындағы батырлар жыры, ертегілерде жиі көрініс тауып жататын жауырын сүйегіне қарап, болашақты болжайтын оқиға сарынын өзек етіп алынған. Шерлі ана қан майданға аттанған боздағының хабарсыз кеткен тағдырына алаңдап, қан жұтады. Соғыстағы баласын жоқтаумен алаң көңілдегі қайғылы күндері өткен асыл ана жақсылықтан күдер үзбейді. Ізгі ниетті жақсылық жаршысы жауырыншының жанға шуақ дарытар жылы сөзіне үмітпен қарайды. Жауырыншы қан майданда от пен судың ортасында жүрген жауынгер амандығынан күдеріңді үзбе деп үміт отын жағады. Батыстың өртке айналған қаласы мен даласын кезуімен тозып, шынжырсыз қолы байлануымен шет елде шерлі күйде

жүрген қилы тағдырын бүкпесіз баяндайды. «Отырса басы айналып, // Улы ойға іші толыпты. // Тағдырдың жазған дәмінің // Қай мезгілді бітерін. // Қасіретті өлім әнінің // Қай кезеңнен күтерін. // Біле алмай бауыры жабығып, // Толқынмен кетіп барады. // Тұманнан түнекжамылып, // Бойына утарады» деп, өмірдің асау толқынында шарқұрған ұлының қилы тағдырын баяндайды. «Қамықпаңыз, шырағым, // Аман-есен бауырың. // Өзі де білмей тұрағын, // Айтады осылай жауырын» деп тұтқындағы тағдыры ауыр жанның қилы өміріне үңіледі (Абдуллин, 1996).

«Түн перісі» (Коммунизм туралы тарихи баллада) атты балладасында фольклорлық шығармалардағы жағымсыз және ұсқынсыз кейіпкер мыстан кемпір бейнесі арқылы кеңесидологиясыныңжымысқы саясатын аяусыз шенеп, әжуалайды (Абдуллин, Қасенов, 1998). Кеңес билігінің орнығуымен қиянат пен озбырлық, зорлық пенен зомбылық үстем күшке айналғанын, қара түнек заман үрей тудырып, ұлы Азия даласының қайғы жұтуы бейнеленеді. «Өлім деген жайып жалпақ ұранын, // Басты келіп көне Сақтың Тұранын. // Атилла мен Батуы жоқ сорлы ел // Оқи берді иманын мен құранын» деп құсаға батады (Абдуллин, Қасенов, 1998).

Тоталитарлық жүйе қылмысын «Сөндірем, - деп, - бақытты елдің таңдарын, Адам түгіл үрей қылған аңдарын. Жүрген жерде қарғыс атып, жлқ еткер, Өмір, Құдай, Табиғаттың заңдарын» деп бейнелейді. Ақын зұлым күштің күйреп, әділдік пен адалдықтың салтанат құратынын паш етеді. «Аспанда ұшып, күміс, құрыш қырандар, // Тасталынбақ «Өмір!» деген ұрандар. // Зұлымдарға төнді енді өлім жасыны, // Біз жасаймыз! Соны, алашым, біл, аңғар! // Құлап енді диюлардың шатыры, // Таялды күн орнар заман ақыры, // Миллиондарды соңына ертіп келеді // Қайта туған ер қазақтың батыры» (Абдуллин, Қасенов, 1998).

Қорытынды.

Ақын Хамза Абдуллин Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы шығармашылығымен қазақ әдебиетінің тақырыптық-иделық, көркемдік-эстетикалық арнасын еселеп, жанрлық түрленуіне өзіндік үлесін қосты. Социалистік реализм құрсауындағы кеңес әдебиетіндегі жабық тақырыптарға батыл барған ақын поэзиясымен соғыс тұтқындағы жанның шемен шері, мұң зарын сыршылдықпен жырлап, фашистік және тоталитарлық жүйелерге тән озбырлық пен қиянат әлемін әшкерледі. Ұлт азаттығы мен ұлттық құндылықтарды, тұлға еркіндігін жырлаудағы азаматтық ұстанымына адалдық танытты. Оны «Отан», «Туған жер» өлеңдеріндегі өршіл рух, елдік қасиеттер ұстанымы үстей түседі (Солтүстік Қазақстан, 2019). Ақын шығармашылығының қазақ әдебиет тарихында өзіндік орыны жан-жақты зерттеуді қажет ететін аса өзекті тақырыптардың бірі болып қала береді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. А.Б.Шалғынбекова – зерттеу материалдарына талдау, мақаланы рәсімдеу жұмысын жүргізді. С.Б.Жұмағұл – мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, бағыт бағдар берді. А.Д. Амренов – зерттеу жұмысының жалпы құрылымын, әдіснамасын, саралап, негіздеді.

Әдебиеттер тізімі

Абдуллин, Х. (1996). Соғыс тұтқыны. Қазақ әдебиеті, 16 шілде.

Абдуллин, Х. (1996). Түнекті түндер. Жұлдыз, (7), 165–177.

Абдуллин, Х., & Қасенов Қ. (1998). Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары. Алматы: Жазушы.

Ақтаев, С. (2009). Қызыл саясаттың құрбаны: Ақын Хамза Абдуллиннің тағдыры туралы. Ақиқат, (3), 26–32.

Кәкен, А. (2020). Түркістан легионы. Астана: Республикалық баспа-полиграфия орталығы.

Кәкен, А. (2024). Жазықсыз жазаланғандар. Қазақ үні. 15 шілде

Қадірәліұлы, Ғ., Мұқанов, Қ., Жұмабаев, С., & Сағындықов, Б. (2007). Көкарал. Қызылжар.

Кожабекова, Ж.К., Сабитбекова, М.М., & Утарғалиева, Ш.Ш. (2025). Соғыс жылдарындағы Қазақстанның батыс өңіріндегі айтыс: жауынгерлік рухтың жырлануы. Ясауи университетінің хабаршысы, 4(138), 224–235. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.287>

Moldagali, M., Abisheva, S., Sabirova, D., Moldagaliyeva, R. Precedent Poetic Colorism in the 20th Century: S. Heaney and A. Kushner. Forum for Linguistic Studies, 7(4), 627–639. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i4.8310>

Ohayon, I. (2023). Allen J. Frank, Kazakh Muslims in the Red Army, 1939-1945". The Journal of Power Institutions in Post-Soviet Societies, 23, null. URL: <http://journals.openedition.org/pipss/6506>; DOI: <https://doi.org/10.4000/pipss.6506>

А.Б. Шалгынбекова¹, С.Б. Жумагул*², А.Д. Амренов³

^{1,3}Павлодарский педагогический университет имени Элкей Марғұлан, Павлодар, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Творчество Хамзы Абдуллина в годы Второй мировой войны

Аннотация. В статье рассматривается творческая личность выдающегося представителя казахской литературы, поэта и переводчика Хамзы Абдуллина. Анализируется сложная судьба поэта, попавшего в плен в годы Второй мировой войны и репрессированного советской системой из-за политического недоверия военным, оказавшимся в кругу вражеской армии. Раскрывается тематическая и идейный стержень гражданской, интимной и пейзажной лирики, написанной в жесточайших условиях военного плена и за стенами ГУЛАГа. Анализируется художественно-эстетическое своеобразие стихов «Достарым» («Друзья»), «Тұтқын жыры» («Песня заключенного»), «Зарлы ана туралы жыр» («Песня о скорбящая матери»), «Бостандық» («Свобода»), «Жалғыздық» («Одиночество»), «Мен жылаймын» («Я плачу»), «Алтай» («Алтай»), «Есіл» («Есиль»), «Мағжанның жиені Бибізайыпқа» («Племяннице Мағжана Бибизайып») и баллада «Жауырын». Интерпретируется поэзия, отличающаяся реалистичностью и художественной силой изображения беспощадной сталинской системы, жестоко подавлявшей национальную свободу и свободу личности, национальные ценности и человеческое равенство, общечеловеческий гуманизм. Анализируется тематическое и идеологическое ядро и актуальность стихотворений в контексте разоблачения тирании, присущей советскому режиму и фашизму, принесших страдания и боль всему человечеству. Это дает возможность углубиться в судьбу поэта, репрессированного советской властью, после того как он стал военнопленным и провел много лет в заключении. Сделан вывод о том, что поэт, чей дух был высок, смог выдержать все трудности прессинга тоталитарной системы и внести большой вклад в казахскую литературу своими творческими исканиями и художественными переводами.

Ключевые слова: поэт, Хамза Абдуллин, Вторая мировая война, военнопленный, советский лагерь, поэзия, лирика.

The Poetry of Hamza Abdullin During World War II

Abstract. The article examines the creative personality of Hamza Abdullin. It reveals the thematic and ideological core of civil, intimate, and landscape lyrics, written in the harshest conditions of military captivity and behind the walls of the GULAG. The artistic and aesthetic originality of the poems “Dostarym” (“Friends”), “Tutkyn Zhyry” (“Prisoner’s Song”), “Zarly ana turaly zhyr” (“Song of the Grieving Mother”), “Bostandyk” (“Freedom”), “Zhalgyzdyk” (“Loneliness”), “Men Zhylaimyn” (“I’m Crying”), “Altai” (“Altai”), “Esil” (“Yesil”), “Mazhannyn zhieni Bibizaypka” (“To the nephew of Magzhan Bibizayp”), and of the ballad “Zhauyryn,” is analyzed. The article interprets poetry distinguished by its realistic and artistic power of depicting the merciless Stalinist system that cruelly suppressed national and individual freedom, national values, and human equality, and universal humanism. It analyzes the thematic and ideological core and relevance of the poems in the context of exposing the tyranny inherent in the Soviet regime and fascism that brought suffering and pain to all of humanity. It is concluded that the poet, whose spirit was high, was able to withstand all the difficulties of the pressure of the totalitarian system and make a great contribution to Kazakh literature with his creative searches and artistic translations.

Keywords: poet, Hamza Abdullin, World War II, prisoner of war, Soviet camp, poetry, lyrics.

References

- Abdullin, X. (1996, July 16). Sogys tutkyny [Prisoner of War]. *Kazakh Literature*, July 16. (in Kazakh)
- Abdullin, X. (1996). Tunekti tunder [Dark nights]. *Star*, (7), 165-177. (in Kazakh)
- Abdullin, X., & Kasenov, K. (1998). Mustafa men Magzhan – Turan elini danalary [Mustafa and Magzhan – Wise Men of Turan]. Almaty: Writer. (in Kazakh)
- Aktaev, S. (2009). Kyzyl sayasattyn kurbany: Akyn Hamza Abdullin shygarmashylygy turaly [Victim of red politics: On the fate of the poet Hamza Abdullin]. *Akikat*, (3), 26–32. (in Kazakh)
- Kaken, A. (2020). Turkistan legiony [Turkestan Legion], Astana: Republican Printing and Polygraphy Center. (in Kazakh)
- Kaken, A. (2024). Zhazyksyz zhazalangandar [The innocent were punished], *Kazakh Voice*. July 15. (in Kazakh)
- Kadiraliuly, G., Mukanov, K., Zhumabaev, S., & Sagyndykov, B. (2007). Kokaral [Kokaral]. Kyzylzhar. (in Kazakh)
- Kozhabekova, Zh.K., Sabitbekova, M.M., & Utargaliyeva, Sh.Sh. (2025). Sogys zhyldaryndagy Kazakhstannyn batys onirindegi aitys: Zhauyngerlik ruhtyn zhyrlanuy [Aitys in the Western Region of Kazakhstan during the War Years: The Singing of the Fighting Spirit], *Bulletin of Yassawi University*, 4(138), 224-235. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.287> (in Kazakh)
- Moldagali, M., Abisheva, S., Sabirova, D., Moldagaliyeva, R. Precedent Poetic Colorism in the 20th Century: S. Heaney and A. Kushner. *Forum for Linguistic Studies*, 7(4), 627–639. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i4.8310> (in English)
- Ohayon, I. (2023). Allen J. Frank, Kazakh Muslims in the Red Army, 1939-1945”. *The Journal of Power Institutions in Post-Soviet Societies*, 23, null. URL: <http://journals.openedition.org/pipss/6506>; DOI: <https://doi.org/10.4000/pipss.6506> (in English)

Авторлар туралы мәлімет:

Шалғынбекова Аяуужан Бауыржанқызы – PhD докторант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: ayauuzhan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9907-3327>

Жұмағұл Сағымбай Ботпайұлы – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: sagymbai.zhumagul@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9891-0237>

Амренов Адилбек Даутбекович – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: adilbek.61@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8705-599X>

Shalgynbekova Ayauzhan Bauyrzhanovna – PhD student, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: ayauuzhan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9907-3327>

Zhumagul Sagymbay Botpaiuly – corresponding author, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: sagymbai.zhumagul@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9891-0237>

Amrenov Adilbek Dautbekovich – Candidate of Philology, Professor, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: adilbek.61@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8705-599X>

Шалгынбекова Аяужан Бауыржановна – PhD докторант, Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Павлодар, Казакстан. E-mail: ayauuzhan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9907-3327>

Жумағұл Сағымбай Ботпайұлы – автор для корреспонденции, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: sagymbai.zhumagul@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9891-0237>

Амренов Адилбек Даутбекович – кандидат филологических наук, профессор, Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан E-mail: adilbek.61@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8705-599X>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).